

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

12.12.2024 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы -аға оқытушы Ж.С.Еркишева, АК мүшесі, доцент К.И.Усманов, АК мүшесі, академиялық персонал, білімгерлер өкілдері

Күн тәртібі:

1.Әр ББ өзіндік бағалау жүргізу:

- соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері;
 - БББ-ң пәндердің силлабустарында көрсетілген нәтижелерін талдау;
 - Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері;
 - жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері;
 - сауалнамалар білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері;
 - білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері;
 - тулектердің жұмысқа орналасу нәтижелері.
- 2.ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (магистратура БББ жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу)
- 3.Қараша-Желтоқсан айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Еркишева Ж.С.: Күн тәртібімен таныстыра отырып, қаралатын мәселелерді атап өтті. Математика және статистиика бағыты бойынша ББ өзіндік бағалау жұмыстарына тоқталсақ, соңғы жылдары 6B05449-Математика білім беру бағдарламасының 2023 жылдың қорытындысы бойынша жұмыс берушілердің жалпы рейтинг критерийлері бойынша 3,40 % құрады.Рейтинг бойынша 2022 жылдың қорытындысы 6/9 көрсеткішті көрсеткен. 2023 жылдың қорытындысы бойынша 6B05449 білім беру бағдарламасында жоғарылаған.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, доцент К.И.Усманов алды:Күн тәртібіндегі келесі мәселеге көшсек, 2024-2025 оқу жылында 6B05449-Математика білім беру бағдарламасы бойынша оқытылатын пәндердің силлабустарының студенттердің оқу нәтижелеріне қол жеткізуіне қаншалықты ықпал ететінін анықтау мақсатында мониторинг жүргізу барысында келесі мәселелерді зерделеу қажеттілігі туындап отыр. Атап айтқанда, пән сипаттамасымен танысқан студенттер үшін таңдалған курстан күтілетін нәтижелерге сәйкес құзыреттіліктер мен метапәндік дағдыларды меңгеруге жағдай жасайтын педагогикалық әдіс-тәсілдердің тиімді қолданылуы маңызды.

АК төрағасы Еркишева Ж.С :Білім беру бағдарламасын әзірлеу және жаңарту ережелеріне сәйкес, пәннен күтілетін оқыту нәтижелерін (ПОН) білім беру бағдарламасының жалпы оқыту нәтижелерімен (ОН) үйлестіру қажет.

Усманов К.И.– 6B05449,7M05426- Математика БББ-на жауапты мүше, доцент:Пәндердің оқыту нәтижелеріне қол жеткізу үшін оқытушылар әрбір сабақта силлабусқа енгізілген әдіс-тәсілдерді тақырыптың мазмұны мен студенттердің қызығушылықтарына сәйкестендіре отырып, оқу нәтижелерін тиімді меңгеруге бағыттайды. 2024-2025 оқу жылында жасалған силлабустарға мониторинг жұмыстар

жүргізілді. Әрбір оқытушының силабустары пәннің сипаттамасы мен оның оқыту нәтижелеріне сай жасалғанын атап өтті. Математика және статистика бағыты бойынша 19 пәндердің силабустары тексерілді.

Атап айтсақ, «Математика және статистика» бағыты бойынша пәндердің силабустары тексерілді. Мысалы: силабустардың ішінен кездейсоқ алынған силабусты талдайтын болсақ, қолымызға PhD, аға оқытушы Ж.С.Еркишеваның 6B05449-Математика БББ «Математикада ақпараттық технологиялар қолдану (Maple)» пәнінің силабусы түсті. Пәннің сипаттамасы: «Пәннің мақсаты – студенттерге Maple жүйесі процедуралық бағдарламалаудың типтік жабдықтарымен қамтылғанымен, бұл жүйе тіл ретінде математикалық есептерді шешуге бағытталғандығын түсіндіру. Maple жүйесі жоғары деңгейлік проблемалық бағытталған бағдарламалау классына жатады. Кәзіргі таңда математиканың көптеген есептерін шешуді дербес компьютерде автоматтандыру арқылы жеңілдетуге болады. Оқыту жүйесінде компьютерлік жүйелерді қолданудың өте маңыздылығы қарастырылатын есептердің шешімдерін визуалдау, яғни символды түрде алу, графигін сызып көрсету, анимациялық графиктерді салу болып табылады. Maple жүйесін үйрену арқылы студенттер өзінің білімін нығайтады, оған қосымша математиканың көптеген пәндерін оқытуда және үйренуде, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде қолдана алу мүмкіндігін игереді.» деп көрсетілген.

Осы пәнге БББ-да 9,10 оқыту нәтижелері көрсетіліп, 6 кредит берілген. Силабуста **«Б4. Математика ғылымын оқытудың негізгі әдістері мен заманауи технологияларын кәсіби қызметінде қолдану қабілеті»** осы құзырет бойынша ББ ОН *«математикалық ақпаратты алу, өңдеу және практикалық есептерді шешу үшін теориялық талдау, бақылаулар мен эксперименттердің, бағдарламалау және сандық технологиялар нәтижелерін бағалайды;*

- ғылыми, инновациялық іс-әрекеттерді жоспарлау, жүзеге асыру мәселелерін шеше алатындығын көрсетеді.(ОН 9)» , *«- математиканы оқытудың заманауи технологияларын, статистикалық гипотезалар, зерттеулер нәтижесін кәсіби қызметінде қолданады;*

-математикадағы ғылыми және қолданбалы есептерді шешуде теориялық білімді қолдана білуін көрсету. (ОН 10)» көрсетілген.

Осы ОН9 және ОН10 оқыту нәтижелеріне сай ПОН-дар келтірілген.

ОН9:ПОН 1- білімгерлер пәнді оқыту арқылы алған білімі мен дағдыларын тәжірибе жүзінде қолданады;

ПОН 2- Математика курсының есептерін жылдам шешуде заманауи ақпараттық технологияларды меңгереді және кәсіби салада қолданады.

ОН10:ПОН 3-Білімгерлер теориялық білімдерін практикада қолдану үшін кәсіби және тұлғалық тұрғыдан өсуге ұмтылады;

ПОН 4 – Білімгерлер математикалық есептерді шешуде статистикалық зерттеулерінің нәтижелерін пән терминдері арқылы нақты ұсыныстар түрінде беруді үйренеді. Силабустың құрылымын төмендегі критерийлер бойынша талдасақ:

1. Пән сипаттамасын оқыған білімгер таңдаған курсынан не күтетіндігін түсіне ме? Нені үйренеді, қандай дағдыларды игереді, олар не үшін маңызды? Пән сипаттамасында математиканың көптеген есептерін шешуді дербес компьютерде автоматтандыру арқылы жеңілдетуге болады. Оқыту жүйесінде компьютерлік жүйелерді қолданудың өте маңыздылығы қарастырылатын есептердің шешімдерін визуалдау, яғни символды түрде алу, графигін сызып көрсету, анимациялық графиктерді салу болып табылады. Maple жүйесін үйрену арқылы студенттер өзінің білімін нығайтады, оған қосымша математиканың көптеген пәндерін оқытуда және үйренуде, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде қолдана алу мүмкіндігін игеретіндігі айқын көрсетіліп жазылған.

2. Курс оқу бағдарламасына қалай сәйкес келеді? Ия

3. Курстан күтілетін оқыту нәтижелері (ПОН) ББ-нан күтілетін оқыту нәтижелерімен (ОН) және университет мақсатымен, миссиясымен және құндылықтарымен айқын байланысты ма?

Бұл сұрақ бойынша университет миссиясы «Қожа Ахмет Ясауидің іліміне сүйене отырып, академиялық принциптерге сай түркі әлемінде алдыңғы қатарлы, білікті және жаңашыл тұлғаларды тәрбиелейтін университет болу» деп көрсетілсе, Стратегиялық Мұраты “Қазақстан мен Түркияның ынтымақтастығы негізінде әлемдік деңгейде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін, Түркі әлеміне бағыт беретін білікті мамандар дайындайтын университет” деп келтірілген. Ал миссиялар ПОН мен ББ бойынша оқыту нәтижелерінде математиканы оқытудың заманауи технологияларын, статистикалық гипотезалар, зерттеулер нәтижесін кәсіби қызметінде қолданатын, математика курсының есептерін жылдам шешуде заманауи ақпараттық технологияларды меңгереді және кәсіби салада қолданатын ұрпақтар тәрбиеленеді.

4. ПОН білім алушыға бағдарланған ба, олардың қызығушылығын тудырады ма?

Студенттер бұл пәнге қызығушылық білдіреді. Maple жүйесінде есептер шығарып, аналитикалық жолмен шығару барысында жіберілген қателіктерін түсінеді.

5. ПОН Дублин дескрипторларына сәйкес және Блум таксономиясы негізінде әзірленген бе? – ИЯ.

6. Силлабуста оқыту әдістері және бағалау критерийлері білім алушыға ПОН-не жету дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді ма? – ИЯ.

Сонымен қатар «Математика және статистика» бағыты бойынша 6B05449-Математика ББ-ң таңдау пәні «Математиканы жаңа технологиямен оқыту әдістемесі» және 7M05426-Математика БББ мамандық пәні «Дифференциалдық теңдеулер үшін шеттік есептер» пәндерінің де силлабустары тексерілді.

Силлабусты егжей-тегжейлі қарап, 7M05426-Математика БББ-ң магистратура деңгейінде курстан күтілетін оқыту нәтижелері (ПОН) ББ-нан күтілетін оқыту нәтижелерімен (ОН) және университет мақсатымен, миссиясымен және құндылықтарымен айқын байланысты екендігін, пән сипаттамасында игеретін дағдылары нақты айтылғандығын. ОН мен ПОН өзара үйлесімділігі бар екендігіне тоқталып, барлық тараптарға сай екендігін тілге тиек етті.

АК төрағасы Ж.С.Еркишева: Академиялық кезең барысында оқытушы-профессорлар педагогикалық жүктемеге сәйкес пәннің оқыту формаларына сай силлабуста көрсетілген тақырыптар негізінде әр апта сайын сабақ өткізіп, әрбір аптада өтілетін сабаққа пәннің оқыту нәтижелері сәйкес келетіндігін атап өтті.

Усманов К.И.– 6B05449,7M05426- Математика БББ-на жауапты мүше, доцент: Біз сияқты математиктерге қандай әдіс-тәсіл керек, бізге бор мен тақта болса болды, студенттер біздің үйреткен есебімізді шығарып, өздігінен сол есептің шығарудың әдіс-тәсілдерін ізденіп жатса осының өзі математиктер үшін ең қажетті әдіс-тәсілдер. ББ негізінде күтілетін оқыту нәтижелері пәннің силлабусындағы көрсетілген оқыту нәтижелерімен тікелей жүйелі түрде байланысқан, цифрлық қоғамда ақпараттық технология мүмкіндіктерін математиканы оқытуда қолдана алатын тұлға дайындалып жатқандығын ерекше тоқталып, математика үшін теориялық білімдерін практикамен ұштастыра білу ең қажетті нәтиже деп өз ойын айтты.

Усманов К.И.– 6B05449,7M05426- Математика БББ-на жауапты мүше, доцент: Біз сияқты математиктерге қандай әдіс-тәсіл керек, бізге бор мен тақта болса болды, студенттер біздің үйреткен есебімізді шығарып, өздігінен сол есептің шығарудың әдіс-тәсілдерін ізденіп жатса осының өзі математиктер үшін ең қажетті әдіс-тәсілдер. ББ негізінде күтілетін оқыту нәтижелері пәннің силлабусындағы көрсетілген оқыту нәтижелерімен тікелей жүйелі түрде байланысқан, цифрлық қоғамда ақпараттық технология мүмкіндіктерін математиканы оқытуда қолдана алатын тұлға дайындалып

жатқандығын ерекше тоқталып, математика үшін теориялық білімдерін практикамен ұштастыра білу ең қажетті нәтиже деп өз ойын айтты.

АК төрағасы Ж.С.Еркишева: ХҚТУ-нің алыс және жақын шетелдік жоғары оқу орындарындамен түзілген келісім шарттардың негізінде сараптамалық тұжырымдар алынады, негізгі оқу жоспарларында, оқытылатын пәндер бойынша салыстырмалы жұмыстар жүргізіледі, Мәулена, Орхун, PechaKucha конкурстары нәтижесінде білімгеолер шетелдік ЖОО-мен танысуда. Математика және статистика бағыты бойынша 6B05449, 7M05426-Математика білім беру бағдарламаларының білімгерлері ғылыми тағылымдамадан өтуде, академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша білім алуда. БББ-ын жаңарту жоспарланған, сондықтан жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелеоі ретінде сауалнамалар, ұсыныстар, сараптамалық тұжырымдар алынады деп белгіленген. Бұл бағыттағы қаңтар айында орындалатыны жоспарлануда.

АК төрағасы Ж.С.Еркишева:2024-2025 оқу жылында 6B05449-Математика білім беру бағдарламасына 65 білімгер қабылданған. 7M05426-Математика білім беру бағдарламасына 2 білімгер қабылданды. 2023-2024 оқу жылы бойынша түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері 7M05426-Математика білім беру бағдарламасы бойынша 100%-ы жұмыспен қамтылған болса, 6B05449-Математика білім беру бағдарламасы бойынша 88,5%-ы жұмыспен қамтылған.

АК төрағасы Ж.С.Еркишева:2023-2024 оқу жылында Аккредиттеуден өткен 7M05426-Математика білім беру бағдарламасы, 6B05449-Математика білім беру бағдарламасын өзіндік бағалау жұмыстарын жалғастыруымыз қажет. Магистратура және бакалавриат деңгейінде БББ –н қайта жаңарту жұмыстарын қарастырып жатырмыз. Жасанды интеллект бойынша пәндерді қосуды ойластырып жатырмыз. Мәжілісімізде көптеген ауқымды мәселелер талқыланды, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарды бірігіп жасап, көптеген академиялық мәселелерді шешімі табылады деген ойдамын.

Шешім: ӘР ББ бойынша өзіндік бағлау жұмыстары жүргізілсін. ББ аудиттері бойынша шешімдер қабылдансын, қараша-желтоқсан айларында атқарылған жұмыстар нәтижесі талқыланды.

Мәжіліс төрағасы:



Ж.С.Еркишева

Хатшы



К.И.Усманов